

**Ерейментау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 5С-5/6-12 " Ерейментау ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" шешіміне толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 5С-9/3-12 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 27 желтоқсанда № 3565 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 3 наурыздағы № 5С-35/2-15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 03.03.2015 № 5С-35/2-15 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97 бабына сәйкес, Ерейментау ауданының мәслихаты  
**Ш Е Ш І М** **Е Т Т І :**

1. «Ерейментау ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 5С-5/6-12 Ерейментау аудандық мәслихатының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-9-196 болып тіркелген, 2012 жылдың 26 мамырда «Ереймен» аудандық газетінде, 2012 жылдың 26 мамырда «Ерейментау» аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген Ерейментау ауданы бойынша тұрғын көмегін көрсету Ережесіне:

1 тармақ келесі мазмұндағы алтыншы азат жолмен толықтырылсын:  
«жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құны.»;

2 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:  
«2. Тұрғын үй көмегі отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемдері, коммуналдық

қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері үшін, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеу, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын тұтыну нормалары шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма р е т і н д е а й қ ы н д а л а д ы .

Тұрғын үй күтімінің және коммуналдық қызметті тұтыну төлемінің шекті шығын үлесі тоқсанға арналған, алдыңғы тоқсанда тұрғын үй көмегіне өтініш беріліп, отбасының жалпы табысының 15% пайызы шамасында белгіленеді.»;

6 тармақтың екінші азат жолы келесі мазмұндағы 11 тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«11) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын түбіртек-шот.».

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Е р е й м е н т а у</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
	<i>м ә с л и х а т</i>	<i>с е с с и я с ы н ы ң</i>
<i>төрағасы</i>	<i>Н.Мандаев</i>	
	<i>Е р е й м е н т а у</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Қ.Махметов</i>	
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>		
<i>Ерейментау ауданының әкімі</i>	<i>А.Қалжанов</i>	